



Отырыста ортақ іс сараланды



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Облыс әкімдігінде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық Кеңесінің отырысында жерлесіміз Артем Ким «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.



Алқалы жиын Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы қарсаңында өткізілді. Отырыста өңіріміздегі этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Жиынды Ұлытау облысының әкімі Дастан Адайұлы Рыспеков ашып, Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық келісім мен жал-

пылтық бірлікті нығайтудағы шешуші рөлін атап өтті.

– Бүгінгі таңда әрқайсымыз үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау, қолымызда барды қадағалап отыру бұрынғыдан да маңызды. Ал бізде бар ең бастысы – тұрақтылық, өзара түсіністік және басымыздағы бейбіт аспан. Халық бірлігі – біздің басты байлығымыз әрі табысты болашақтың кепілі, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Жиын барысында Ұлытау облысы әкімдігінің «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры Гүлбану Сейтжанова баяндама жасап, Ассамблея құрылымдарының бүгінгі жұмысы, этносаралық қарым-қатынасты нығайту, жастар бастамаларын қолдау және өңірдегі этномәдени араландылықты дамыту бағытындағы жобаларға кеңінен тоқталды.

Отырыста сондай-ақ, ҚХА мүшелері Татьяна Хмилярчук пен

Артем Ким де қатысушыларға құттықтау сөз сөйледі. Олар мәдени мұраны сақтаудың, жастар арасында әртүрлі халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды тәрбиелеудің маңыздылығын, қазіргі жағдайда қоғамды біріктірудің маңыздылығын атап өтті.

Алқалы жиында қоғамдық-саяси тұрақтылықты, этносаралық келісімді нығайтуға қосқан ерекше үлесі және ҚХА қызметіне белсенді қатысқаны үшін бір топ азаматтарға «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерейтойлық медальдары салтанатты түрде табыс етілді.

Новости города

Представлен новый состав Общественного совета города, в который вошли 11 жителей Каражал-Жайремского региона. На протяжении последующих четырех лет этим людям с активной жизненной позицией предстоит большая и ответственная работа – решение актуальных проблемных вопросов населения в тесном взаимодействии с государственными структурами.

Асель КУРБАЛОСОВА

Прежде необходимо отметить, что Общественным советам отводится важная роль в деле построения Справедливого Казахстана. Этот институт был создан в 2016 году для облегчения взаимоотношений населения с госорганами и создания открытой и прозрачной площадки для конструктивного диалога. Во главе угла – активисты, неравнодушные к происходящему вокруг. А результаты их деятельности служат еще одним доказательством того, что мы живем в развитом гражданском обществе, без которого невозможно независимое и «слышащее» государство.

Переходя от общего к частному, вернемся в Каражал. На минувшей неделе состоялось последнее заседание рабочей группы по формированию Общественного Совета, в ходе которого председатель городского маслихата Замзагуль Оспанова

Знакомые все лица!



ва представила его новый состав. На мероприятие были приглашены заместитель акима Каражала Аманказы Наукунов и исполнительный секретарь Каражалского городского филиала партии «АМАНАТ» Айгуль Маулинина.

Как отметила спикер, количество членов Общественного Совета на местном уровне зависит от общей численности населения в соответствующей административно-территориальной единице: 11 человек при численности населения

до 50 тысяч человек. В нашем регионе в настоящее время проживают 17 346 человек. Таким образом, состав Общественного совета города утвержден в количестве 11 человек. Это – Ержан Байтасов, Алтынбек Дильдабеков, Кайырбек Куйкабаев, Аскаралы Омаров, Владимир Полищук, Магжан Айтбек, Ерлан Сембеков, Дидар Сагиндыков, Сексен Сулейменов, Мергенбай Сембек и Арынгазы Такибаев. Из них по одному представителю - от политической партии «Ақ жол», Общества инвалидов, Совета ветеранов войны и труда, Молодежного ресурсного центра, и семь самовыдвиженцев.

Кроме того, сформирован резервный список членов Общественного Совета, в который включены шесть человек.

– В случае выбытия члена Общественного совета конкурс объявляться не будет – состав будет пополняться из их числа, – объяснила Замзагуль Оспанова.

Затем, поздравив победителей конкурса и пожелав им плодотворной работы, председатель маслихата вручила удостоверения, подтверждающие их статус и права.

Не остался без внимания и те, кто сложил свои полномочия. Немало теплых слов прозвучало в адрес председателя Совета ветеранов и труда Мереке Жуманбаевой и директора горно-технического колледжа Данияра Дыбысова. Они, в свою очередь, также пожелали новому составу успехов в общественной деятельности, достижения поставленных целей и решения задач, от которых напрямую зависит дальнейшее процветание региона.

Қала тынысы

Әкім жаңа жобалармен танысты

Соңғы жылдары Қаражал қаласында заманауи үлгідегі әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеруде. Сәрсенбінің сәтінде қала әкімі Айқын Елеусізов шаһарда тынысы тың серпін беретін бірқатар жаңа жобаларды аралап, олардың құрылысымен танысты.

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ



Құрылғанына 60 жыл болған Қаражал қаласында көненің көзіндей болған ғимараттар аз емес. Қазір соларды жаңғыртып, жаңаша серпін беру жұмыстары да қызу қолға алынып жатыр. Соның бірі – бұрынғы кинотеатр ғимараты. Қазіргі таңда ғимараттың қайта жаңғыртылуы жергілікті кәсіпкердің бастамасымен жеке қаражат есебінен жүзеге асырылуда. Жасалып жатқан жұмыстар назар аударуға тұрарлық. Бұл маңызды жоба қаланың мәдени өмірін жаңғыртуға және тұрғындарға жоғары сапалы қызмет көрсетуге бағытталған.

Шаһар басшысының келесі кезекте ат басын тіреген нысаны жабық хоккей алаңы болды. Құрылысының жүріп жатқанына біраз уақыт болған нысан бүгінгі таңда пайдалануға беру сатысында тұр. Қазір мұнда дайындық жұмыстары аяқталып, инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізілді. «Аталмыш жобаның іске асуы қалада спорт-

тық инфрақұрылымдарды дамытуға, спорттың бұқаралығын арттыруға, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге септігін тигізеді, сондай-ақ, жастар үшін жақсы мүмкіндіктер ашады», дейді қала әкімі.

Айқын Қылышұлы Станционный шағын ауданында салынып жатқан жаңа мектепте де болды. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудағы маңызды жобалардың бірі саналатын білім ошағы өз кезегінде білім беру саласындағы қажеттіліктерді толықтыруға ықпал етеді. Қазіргі уақытта мектеп ғимаратының іргетасы құйылып, құрылыс жұмыстары жалғасуда.

– Әрбір аталған жоба қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға және әлеуметтік ортаның дамуына бағытталған нақты қадам болып табылады. Барлық жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталады, олардың орындалуы сапалы әрі белгіленген мерзімде жүзеге асуы қатаң қадағаланады, – дейді Айқын Елеусізов.

Новости дня

«В связи с ремонтными работами просьба внутрь не заходить, а обходить», – такое объявление появилось на минувшей неделе на фасаде здания железнодорожного вокзала. Каражалцы отнеслись к просьбе с пониманием – ради конечного результата можно и потерпеть неудобства.

Асель КУРБАЛОСОВА

В Казахстане 14 апреля официально стартовала масштабная программа по модернизации 125 железнодорожных вокзалов. В этот список включен и наш город.

По информации Министерства транспорта РК, предстоит восстановление и обновление зданий с заменой инженерной системы. Ожидается, что после завершения реконструкции в этих стенах появится современный зал ожидания, комната матери ребенка, билетные кассы. Проект также предусматривает высокоскоростной интернет, информационные системы и дополнительные сервисы.

В минувший понедельник

Станет комфортно



аким Каражала Айқын Елеусізов посетил объект, где встретился с руководителем строительной организации и представителями общест-венности: в первых рядах находились Мешитбай Омаров, Сексен Сулейменов и Совет Мухамбетов.

Заказчиком работ выступает АО «НК «Қазақстан Темір Жолы». Подряд на капитальный ремонт железнодорожного вокзала по-

лучило ТОО «Астана Премиум Строй», директором которого является Маргулан Молдашов.

Как отметил глава региона, состояние вокзала, который был сдан в эксплуатацию в 1959 году – один из проблемных вопросов, постоянно поднимаемый горожанами. И он, наконец-то, нашел решение. Примечательно, что проектно-сметная документация на объект еще не готова – материалы только поступили на государственную экспертизу. Таким образом, подрядчик работает на опережение. У местных властей нет повода не доверять компании. Дело в том, что ТОО «Астана Премиум Строй» прочно обосновалось в нашем городе – руками его строителей было построено здание управления Комитета национальной безопасности РК по городу Каражал. Это же ТОО возводит пожарное депо в Каражале и Жайреме, хоккейный корт.

В соответствии с утвержденным графиком завершение работ по модернизации ж/д вокзала запланировано на IV квартал нынешнего года.



Экологиялық мәдениет – жарқын болашақ кепілі

Қазіргі уақытта әлемді алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі – қоршаған ортаның ластануы және оның адамзатқа тигізер қауіпі туралы болып отыр. Әлемдік деңгейде ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізіп жаһандық жылыну, климаттық өзгерістер туралы ауқымды еңбектер жазып, шешу жолдарын қарастыруда. Осындай үлкен мәселе кішкентай ғана адам қолымен жасалып жатқаны өкінішті.



Осы орайда адамгершілік, тазалық, жауапкершілік, мейірім мен қамқорлық деген сөздердің мағынасы қаншалықты тереңде екенін

түсінеміз. Табиғат тақырыбы қазақ ақын-жазушыларының шығармаларында да орыны ерекше. «Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,



Республикалық экологиялық акция Қаражал қаласының жұртшылығы тарапынан да кең қолдау табуда.

Тазалық – тәртіптің үлгісі

Өткен аптада аталмыш республикалық экологиялық акциясы аясында сенбілік өткізілді. Қаланың бюджеттік ұйымдарының қызметкерлері қала сыртындағы полигон аумағын тазалап, осы жерде жиі жиналатын қоқысты жоюға атсалысты. Бұл іс-шара аймағымыздың экологиялық жағдайын жақсартуға және қаланың тазалығын сақтауға маңызды үлес қосуда.

Қала әкімдігі барлық қала

тұрғындарын сенбіліктерге қатысып, өздерінің тұрғылықты жерлерінің тазалығына жауапкершілікпен қарауға шақырады. «Көшелерді, саябақтарды және басқа да қоғамдық орындарды тазалау арқылы біз өз қаламызды одан әрі жайлы, таза және экологиялық таза ете аламыз», дейді өңір белсенділері.

Аманкелді АҚШАЛ.



Айгерім БУРГОКОВА, «Жәйрем кенті әкімінің аппараты» ММ жедел басқару бөлімінің басшысы.

Президент Жолдауы – өркендеу өрісі

Аймақтың дамуы – әділетті қоғам құрудың өзегі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Балалардан мұра болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз. Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын. Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтіп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретінде табыстасақ, бабалар аманатына адалдық деген – осы!» деген еді.

Үкімет басшысының бұл үндеуі біздің Қаражал-Жәйрем өңірінде қаншалықты деңгейде атқарылып, жерімізді, елімізді өркендету, аймағымызды дамыту мәселелерін талқылау үшін, Қаражал қалалық мәслихатының төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Зәмзагүл Оспановаға жолығып, сұхбаттасудың реті келді.

- Құрметті Зәмзагүл Қажымұқанқызы, «Аймақтың дамуы – әділетті қоғам құрудың өзегі» деген ойды қалай түсінесіз? Бұл ұғым Қаражал-Жәйрем өңірінің дамуына қалай әсер етіп жатыр?

- Рақмет, өте маңызды әрі өзекті тақырып. Аймақтың дамуы дегеніміз – тек эко-



номикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Бұл – халықтың тұрмыс сапасы, жұмысқа орналасуы, денсаулық, білім, қауіпсіздік пен әділетті мүмкіндіктердің барлығын қамтитын кешенді үдеріс. Әділетті қоғам құру үшін ең алдымен өңірлік даму тең әрі сапалы болуы тиіс. Қаражал-Жәйрем өңірінде соңғы уақытта бірқатар оң өзгерістер байқалып отыр.

- Осы өзгерістерге нақты мысал келтірсеңіз.

- Мысалы, өнеркәсіп саласы елеулі өсім көрсетуде. Өндіріс көлемі бір жыл ішінде 191 млрд теңгеге жетті. Бұл – экономикалық белсенділік пен еңбек нарығының тұрақтылығын білдіреді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында да өнім көлемі сақталып отыр. Дегенмен, кейбір көрсеткіштер бойынша межеден төмен түскен жағдайлар бар. Мәселен, жайылымдық жерлердің аздығы мен кейбір шаруа қожалықтарының Жаңаарқа ауданына тіркелуі де мал басының азаюына әсер етті.

- Инвестиция мен кәсіпкерлік мәселесі қалай шешілуде?

- Инвестиция тарту тұрақты жүріп жатыр – 42,4 млрд теңге көлемінде қаражат

игерілген. Бірақ, бізге тек көлем емес, сапа да маңызды. Жергілікті кәсіпкерлікті қолдау – басты назарда. Қазір жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1 186 бірлікке жетіп отыр. Бұл – қала экономикасының тірегі. Осы салада мемлекеттік қолдау құралдарын тиімді пайдалануға басымдық берілуде.

- Тұрғын үй, құрылыс, инфрақұрылым бағыттарында не өзгерді?

- Құрылыс жұмыстарының көлемі 30,8 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 168,9%-ға өсті. Ал пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі – 12 121 шаршы метрді құрап, көлемі үш еседен астам артты. Бұл – қаланың әлеуметтік тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Тұрғын үй – азаматтардың өмір сапасының маңызды көрсеткіші. Біз әділетті қоғам құрамыз десек, әрбір тұрғынға лайықты өмір сүру жағдайын жасауымыз керек.

- Әлеуметтік сала, жұмыссыздық, білім мен денсаулық – халық үшін аса маңызды бағыттар. Бұл тұрғыда депутат ретінде не айтар едіңіз?

- Әлеуметтік саясатта бірқатар маңызды ілгерілеу бар. Мәселен, жұмысқа орналасқан азаматтар саны – 761 адам, бұл өткен жылмен салыстырғанда 129,2% өсім. Жұмыссыздық мәселесі де күн тәртібінде тұр – бұл көрсеткіш 141 адамға жетті. Бұл негізінен бағдарламалық жобалардың кезеңдік сипатына байланысты. Мысалы, «Күміс жас», «Жастар тәжірибесі» сияқты бағдарламалар бойынша қабылданған азаматтар келесі кезеңге өтеді. Сонымен қатар, жәрдемақы алу үшін өтінімдердің артуы да осы статистикаға әсер етіп отыр.

Қалада мектеп жасына дейінгі балалар саны - 2 145-ке жетті, ал мектепке дейінгі біліммен қамтылған бала саны – 1 143, бұл – 129,9% өсім. Мектеп оқушыларының саны – 3 416. Бір компьютерге 4 оқушыдан келеді. Мектептердегі компьютермен жабдықталу да жақсарып келеді. Биыл «Вокзал» шағын ауданында 80 орындық мектеп құрылысы басталды. Медицина саласында да оң өзгерістер бар – емханалар заманауи құралдармен жабдықталып, қызмет көрсету сапасы арта түсіп келеді. Жәйрем кенті ауруханасында көп жыл-

дар бос тұрған жөндеуге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қаражал қаласы бойынша жұқпалы аурулар бөлімшесіне күрделі жөндеу жасалады. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасы үшін маңызды.

- Қауіпсіздік мәселесіне тоқталсақ. Қылмыс деңгейі туралы не айтар едіңіз?

- Қылмыстың өсуі бірқатар заңнамалық өзгерістермен байланысты – кейбір әкімшілік баптар Қылмыстық кодекске өтті. Бірақ, аса ауыр және ауыр қылмыстар санының азаюы – бұл құқық қорғау органдары жұмысының нәтижесі. Халықтың қауіпсіздігі – кез келген деңгейдегі биліктің басты мақсаты.

- Қорытынды ойыңызды білдірсеңіз. Қаражал-Жәйрем өңірі әділетті қоғам құру жолында қай бағытта дамуы керек?

- Аймақтың дамуы – тек сандар мен жоспар емес, бұл – адамдардың өмірі. Әділетті қоғам құру үшін әр тұрғын өз өмірінің жақсарғанын сезінуі керек. Бізде әлеует бар: өндіріс, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік салаларда нақты ілгерілеу бар. Бірақ, бұдан да маңыздысы – осы жетістіктердің әрбір азаматқа әділетті, тең үлесте жетуі. Қаражал-Жәйрем өңірі осы бағытта үздіксіз жұмыс істеп жатқан өңірдің нақты мысалы.

- Уақытыңызды бөліп, ашық әрі мазмұнды ойларыңызбен бөліскеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

- Сіздерге де рақмет. Қаражал-Жәйрем өңірі болашағы зор аймақ. Біз халықпен бірге дамуға дайынбыз.

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан әділетті Қазақстан болады» деп кесіп айтуы халықтың және ел болашағына алаңдайтын қайраткер азаматтардың, халық қалаулыларының жауапкершілігін арттыра түскені сөзсіз. Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қазақстандық адал азамат болуға ұмтылып, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеп, ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасауымыз керек. Әділетті қоғамның құрылғаны аймақтың дамығаны болмақ.

Сұхбаттасқан
Гауһар НАУРЫЗБАЕВА.

Қоғам. Адам. Заң.

Өткен аптада, яғни, 14 сәуірде Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Ұлытау облысы бойынша өкілі Аманжол Каримов қызметтік іс-сапар аясында Қаражал қаласының басшылары, мекеме қызметкерлері және БАҚ өкілдерімен кездесті.

Мәлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Кездесу барысында құқықтық сағат өткізіліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, «Қазақстан: инклюзивті дамудың жаңа кезеңі және мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау» тақырыбында баяндама жасады. Өз баяндамасында: - Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және олардың тең мүмкіндіктерін жасау қазіргі қоғамның маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан, әлемнің көптеген елдері сияқты, әрбір адам өзінің ерекшеліктеріне қарамастан өз әлеуетін іске асыра алатын инклюзивті ортаны құру бойынша белсенді жұмыс жүр-

Адам құқықтары – әділетті қоғам кепілі



гізуде. 2023 жылы 7 маусымда Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттаманы ратификациялау арқылы мүгедектердің құқықтарын қорғауда маңызды қадам жасады. Бұл еліміздің халықаралық стандарттарға адалдығын және әрбір адам өз әлеуетін іске асыра алатын инклюзивті ортаны құруға ұмтылысын көрсетеді.

Бүгінде Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 732 мыңға жуық азамат тұрады, бұл халықтың 3,6 пайызын құрайды. Мемлекет олардың өмір сүру сапасын жақсарту және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету шараларын белсенді түрде жүзеге асыруда.

Еліміздің барлық өңірлерінде мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту, оның ішінде білім алуға, жұ-

мысқа орналасуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмекке қол жеткізу бойынша жұмыстар жалғасуда.

2024 жылы азаматтар үшін рәсімдерді жеңілдететін сырттай медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу пилоттық жобасы аясында 96,9 мыңнан астам өтініш қаралды.

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 1,1 миллионнан астам қызмет көрсетілсе, инвентаризация қызметі 207 мыңнан астам рет пайдаланылды.

Әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығыстар жыл сайын 22%-ға артып, 2024 жылы 748,5 млрд теңгені құрады.

2024 жылдың желтоқсанында мүгедектіктің медициналық-әлеуметтік моделінен әлеуметтік және адам құқықтары моделіне көшуге бағытталған.

2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы бекітілді. Жаңа тәсіл мүгедектердің қоғам өміріне белсенді қатысуының жаңа перспективаларын тудыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың барынша әлеуметтік қамту шараларын қабылдауды көздейді.

Ұлттық құқық қорғау институты

мен аймақтық өкілдер азаматтардың өтініштерімен белсенді жұмыс істейді, медициналық көмек көрсету, мүгедектерді тағайындау және жеке көмекшілермен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмектеседі.

Бұл жетістіктердің әрқайсысы Қазақстанның тең мүмкіндіктер саясатын дамытып қана қоймай, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын белсенді түрде жақсартып жатқанын көрсетеді. Үздіксіз бастамалар мен өзгерістердің нақты мысалдары әділ және қолдаушы қоғам құрудың кілті болып табылады, - деп сөзін аяқтады.

Кездесу нәтижесінде қатысушылар көкейлеріндегі сауалдарға жауап алды, ал уәкіл көтерілген мәселелердің шешімін табу үшін тиісті органдармен жұмыс жалғасатынын жеткізді. Бұл кездесу азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ, өңірдегі инклюзивті саясатты дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Адам құқықтарын сақтау – қоғамның дамуы мен тұрақтылығының негізі болып қала бермек.

Еңбек адамы

Мейірім мен жан жылуы тоғысқан еңбек жолы



Адам баласы үшін денсаулық – ең үлкен байлық. Ал сол байлықты сақтап, оны қорғауға бар күш-жігерін арнайтын абзал жандар – ақ халатты дәрігерлер. Олар – күн-түн демей, ауырған жанның жанынан табылатын, ем іздегенге үміт сыйлап, шипа дарытатын ерекше мамандық иелері. Аурудың үлкен-кішісі жоқ, ол ескертпей келеді. Ондай сәттерде ең бірінші болып көмек қолын созатын – осы ақ халатты абзал жандар.

Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Қаламызда да ел алғысына бөленіп, халықтың шынайы ықыласына ие болып жүрген медицина қызметкерлері аз емес. Солардың бірі – өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, кәсібіне деген сүйіспеншілігімен ерекшеленетін Қаражал қалалық орталық ауруханасының учаскелік медбикесі әрі психолог маманы – Әйгерім Нұржанқызы Жылқыбаева.

Әйгерім Нұржанқызы – Шет ауданының тумасы. Дегенмен, ол 5 жасынан бастап Қаражал қаласында өсіп-өніп, осы өңірдің нағыз түлегіне айналды. Қаламыздағы қара шаңырақ, білім ордаларының бірі – № 1 жалпы білім беретін мектепті тәмамдап, бала күнгі арманы жетелеп медициналық салаға бет бұрады.

Алдымен Қарағанды мемлекеттік медицина колледжіне оқуға түсіп, осы саланың қыр-сырын меңгереді. Алайда білімге деген құштарлығы мұнымен шектелмейді. Кейіннен Қарағанды мемлекеттік университетінің психология факультетін аяқтап, қос мамандықты қатар алып жүреді. Бұл – оның тек кәсіби біліктілігінің ғана емес, өз ісіне жан-тәнімен берілгендігінің көрінісі.

Еңбек жолын Балқаш қалалық орталық ауруханасының реанимация бөлімінде бастаған Әйгерім Нұржанқызы шын мәнінде бұл мамандықтың ауырлығын да, жауапкершілігін де сол кезден сезінеді. Қазіргі таңда 2008 жылдан бастап Қаражал қалалық орталық ауруханасында қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол бірнеше түрлі қызметтерді атқарып, бүгінде учаскелік медбике және психолог маманы ретінде тұрғындарға медициналық әрі психологиялық қолдау көрсетуде.

Медбикенің жұмысы тек ине салу немесе дәрі беру ғана емес. Бұл – ауыр халдегі адамның жүрегіне үміт ұялату, жанын жұбату, тіпті, жылы сөзбен емдеу. Әйгерім Нұржанқызының әр науқаспен

тіл табыса білетін қабілеті, әрқайсысына жеке көңіл бөле білуі – оның адамгершілік болмысынан, мейірімді жүрегінен нәр алады.

– Өз мамандығыңды шын жүрекпен жақсы көрген соң, оның қиындығы да, ауырлығы да білінбейді. Тіпті, еңбекақы мәселесіне де бас қатырмайсың. Себебі, бұл – үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Біз бар ықыласымызбен жұмысқа жан-тәнімізді саламыз, – дейді кейіпкеріміз.

Жұмыста өз ісіне адал мейірбике болса, үйде – аяулы жар, ардақты ана. Әйгерім Нұржанқызы – үш перзенттің қамқор анасы, сүйікті жар. Жолдасы Марат мырза да – еңбекқор азамат. Қаламыздың ірі өндіріс орындарының бірі – «Өркен-Атасу» ЖШС «Өркен» өкілдігінің автокөлік цехында бірнеше жылдан бері тұрақты жұмыс жасап келеді. Бұл отбасы – өзара түсіністік пен сыйластықтың, еңбек пен жауапкершіліктің үлгісі.

Медицина – ең қиын әрі ең қажетті мамандықтардың бірі. Бұл мамандық тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жүректі, адамға деген сүйіспеншілікті талап етеді. Әйгерім Жылқыбаеваның еңбек жолындағы 17 жылдан астам уақыт – науқастарға көрсеткен жан жылуы мен адал қызметтің шынайы айғағы.

Әйгерім Нұржанқызы – тек кәсіби маман ғана емес, рухани бай, жан-жақты тұлға. Ол – медицина мен психологияны ұштастыра отырып, науқасқа тек дене емес, жан саулығы да керектігін дәлелдеп жүрген бірегей маман. Өзге адамның денсаулығы үшін еңбек етіп, ыстық ықыласы мен аялы алақанын ұсына білетін ақ халаттылардың еңбегі ерен. Үзілгелі тұрған үмітті қайта жалғайтын, тіпті, кейде ажалдан арашалап, екінші өмір сыйлайтын ақ халаттылар қандай құрметке де лайық. Қоғамға қажетті, үлкен жауапкершілікті талап ететін осынау мамандық иелеріне құрмет әрдайым биік болмақ.

Закон и мы

В Каражале прошло необычное мероприятие для молодежи – квест-квиз-челлендж «АнтиПараКвест». В игре, целью которой являлось формирование антикоррупционной культуры и развитие гражданской ответственности, приняли участие семь команд.

С молодых ногтей

Асель КУРБАЛОСОВА

Что такое взяточничество, почему оно представляет угрозу обществу и национальной безопасности, чем чревато для конкретного человека? Когда речь идет о борьбе с этим социальным злом, понимаешь, что самый лучший способ – профилактика. И начинать привитие нетерпимости к коррупции лучше всего в процессе воспитания подрастающего поколения.

Мероприятие, организованное городским отделом внутренней политики, культуры, развития языков и спорта, проходило под эгидой антикоррупционной службы. А потому в качестве почетных гостей квест-квиз-челленджа были приглашены руководитель управления превенции департамента по противодействию коррупции по области Ұлытау Куанышбек Абишев, председатель общественного объединения «Ұлытау жастары», депутат Сатпаевского городского маслихата Даулет Сейтпекоев, а также аким города Каражал Айхын Еле-

возможность блеснуть знаниями и продемонстрировать активную гражданскую позицию в вопросе борьбы с этим позорным явлением.

Затем ведущий представил команды. В игре приняли участие школы №1, 3, 6, 10, 11, 30 и горно-технический колледж. И названия игроки подобрали соответствующие: «Таза қоғам», «Әділет жолы», «Голос прозрачности», «Адалдық» и т. п.

Конкурс состоял из трех туров. Первый – квиз. Игрокам предстояло ответить на 15 вопросов на знание антикоррупционных норм и ценностей, выбрав правильный ответ из представленных четырех вариантов. Например, что такое конфликт интересов; основной орган, обеспечивающий борьбу с коррупцией в Казахстане; в чем заключается основное различие между коррупцией и простой кражей?

На втором этапе школьники и студенты выполняли ситуативные задания, предлагая решения морально-этических дилемм. Третий тур – домашнее задание. Для него конкурсанты подготовили видеоролики на соответствующую тематику.



усизов. Их присутствие не ограничилось поздравительными речами и сторонним наблюдением за происходящим – на них была возложена почетная миссия по определению команды-победителя. Модерировал игру директор Молодежного ресурсного центра города Жезказган Сәкен Қайратұлы.

Приветствуя конкурсантов и их педагогов, глава Каражал-Жайремского региона отметил, что нынешняя молодежь – будущее страны.

И именно сегодняшним школьникам и студентам предстоит строить справедливый Казахстан. А нынешняя игра – первый шаг на пути к этим задачам. Айхын Елеусизов напомнил, что борьба с коррупцией – обязанность каждого. В завершении он пожелал участникам честной борьбы и победы.

Куанышбек Абишев также отметил, что «АнтиПараКвест» – это не просто игра на проверку знаний. Ее краеугольный камень – принципы справедливости и честности. Соответственно, прохождению квест-квиз-челленджа – прекрасная

Как отметили организаторы, гости и болельщики, команды проявили активность, сплоченность и креативный подход в решении поставленных задач.

В упорной борьбе незаметно прошли полтора часа. В конечном итоге по единоголосному решению судейства 1 место было присуждено команде «Голос прозрачности» (ОШ № 3). На втором месте оказалась «Адал ұрпақ», представленная учащимися ОШ № 6. Замыкала тройку лидеров «Парасыз болашақ» ОШ № 30. Победители были награждены ценными призами – LED-телевизор, цветной принтер, музыкальная колонка и роскошные этнические картины.

Команды «Саналы ұрпақ» (ОШ № 1), «Таза қоғам» (ОШ № 10), «Әділет жолы» (ОШ № 11) и «Адалдық» (горно-технический колледж) за активное участие отмечены благодарственными письмами департамента.

– Мероприятие стало ярким примером вовлечения молодежи в продвижение честности, открытости и принципов справедливости, – подчеркнули Куанышбек Абишев и Даулет Сейтпекоев.

«Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл ардагерлерінің де қатары жыл өткен сайын сиреп барады. Қазыналы Қаражал өңірінде де мұндай жандар саусақпен санарлықтай-ақ қалыпты. Солардың бірі – Шамшырақ Дәулеткерімова.

Шамшырақ шешей 1936 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Қожабақы деген ауылда дүниеге келіпті. Өке-шешелері көздерін тырнап ашқалы мал бағып, жер тырмалап өскен жандар екен. Шамшырақ шешей де сол шаруамен өседі. «Есейді» дегенді тура мағынасында айтып отырмай. Өйткені, ол кісі бес жасқа толғанда соғыс өрті бұрқ ете қалды да, елдегі ересектердің бәрі майданға аттанды. Ауылдағы ауыр еңбек қарттар мен әйелдердің, осы Шамшырақ сияқты қарасирақ балалардың иығына түсті. Жасы бүгінде сексеннің тоғызына қадам басқан кейуана сол ауыр күндерді қинала отырып есіне алады. Ол күндердің қайыра айналып соқпауын Алладан жатса да, тұрса да тілейді.

– Апам қазір қартайып қалды. Одан қалды суық тиді ме, сырқаттанып жүр. Сондықтан, сізбен сөйлесе алмас. Бірақ, мен ол кісінің басынан өткендерін бір кісідей

Бала болса да өз үлесін қосты

Кешегі ел басына күн туған қаһарлы күндерде тыл еңбеккерлерінің ерен даласындағы жауынгерлердің ерліктерінен кем түскен жоқ. Осынау зұлмат жылдарда тылдағы ауыр еңбекті қайыспай арқалаған қарттар мен әйелдер, қаршадай балалар жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты...



білемін. Апам оны біздің бала күнімізден айтып, санамызға құйып қойған, – дейді Шамшырақ апаның ұлы Ожадин Дәулеткерімов.

– Соғыс басталғанда апам бестен асқан ойын баласы екен. Бірақ, бала болып ойнамапты да. Өке-шешесі мал бағып, қой, сиыр сауып қырда жүрген. Шешем де

соларға қолғабыс жасап, шаруаға ерте араласыпты. Бұрын да тынымсыз ауыл тірлігі соғыс жылдарында тіптен қауырт болған екен. Таң құланиектен тұрып мал бағу, түсте, кешке қой сауу, құрт-ірімшік қайнату деген жұмыстардан бір тыным таппапты. Апам қозы қайырып, отарға қоспай сыртқары

бағып жүреді екен. Өйткені, қозы еміп қоймауы керек. Қозы жамырап кетсе, сүт болмайды. Сүт сауылмау деген қылмыспен тең. Басқарма солай деп айтыпты. Бала болса да жұмыстың жауапкершілігін сезінген. Оның үстіне өке-шешесін түрмеге қамайды, не соғысқа алып кетеді деп қорыққан.

Жаз ортасынан ауа егін қору жұмысы күтіп тұратын балаларды. Мал түсірмеу өз алдына құс та қондырмау керек. Өйткені, масақтағы бір түйір дән жауға атылатын оқтан кем емес еді ол кезде, – дейді Ожадин анасы айтқан әңгімелерді бізге қаз-қалпында баяндап.

Шамшырақ Дәулеткерімованың өмір жолы осындай тауқымет пен қажыр-қайратқа толы. Сұрапыл соғыс кезінде балғын балалықты қызықтамай, жастайынан еңбекке араласқан. Сондай қиын кезеңде шұлық тоқып, басқа да ауыр жұмыс істеген аналарына қолғабыс жасап, майданда Отан үшін қан мен терін төккен қас батырларға тылда демеу болып отырған.




Соғыс біткен соң Шамшырақ шешей Әби Дәулеткерімов деген азаматқа тұрмысқа шығып, он бала тәрбиелеп өсірді. Ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырды. Бүгінде жиырма шақты немере, жиырма бестей шөбере сүйіп отырған ардақты әже. Жолдасы Әби өз заманында белді қызметтер атқарды. Қаражал қаласының атқару комитетін басқарды. Өзінің адал еңбегімен ортасына сыйлы, балаларына үлгі болды.

Сонау замандағы қиын-қыстау кезеңдерде туған жердің игілігі үшін маңдай терін аянабай төгіп, адал еңбектің үлгісін көрсеткен Шамшырақ шешей сияқты ардақты ардагерлеріміз қандай да болсын құрметке, мадаққа лайық. Үлкен әулеттің шамшырағы болған абыз әжеге Алла қуат берсін дейміз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Биыл адамзат өміріне аса ауыр зұлмат әкелген II дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды. Тарихтан сыр шертетін ғаламттор парағына үңілсек қасіретті Ұлы Отан соғысына жетпіс екі мемлекет қатысып, алпыс бес миллион адам қаза тауып, оның атыз миллионға жуық адамы КСРО халқы (оның он тоғыз миллионға жуығы бейбіт тұрғындар) мерт болды. Жараланғандар, сынақ лагерлерінен өткендер миллиондап саналады. Бұл апаттан әлем халқы қасірет шекті... Ал соғыс алаңынан жырақтағы қазақ елінің тартқан зардабын «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ жұмыскерлері ата-бабаларының ерлік істері мен тағдырын баяндаған әңгімелерін оқып, сезінсін деген мақсатпен «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ-да еңбек ететін жұмыскерлердің арасында аталары, әкелері соғысқа қатысқан жандарды жинақтап, сағынышқа, мақтанышқа толы естеліктерімен бөлісуді сұраған болатынбыз. Жәйрем кенті бойынша WhatsApp желісіне жіберілген хабарландырудан кейін кәсіподақ ұйымына келіп, аталары, әкелері жайлы естелік айтқысы келген комбинат жұмыскерлері әлі азаяр емес. Міне, бүгін бізге Жылумен, сумен қамтамасыз ету цехының кезекші және жабдықтарды жөндеуші слесарі Ерболат Турабеков келіп, әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Рүстем Турабеков жайындағы сағынышқа толы естелігімен былайша бөлісті.

Кешегі батырлардың бүгінгі ұрпақтары сыр шертеді



Әкем ашаршылық жылдары жер ауып кетті

– Әкем, Рүстем Турабеков 1912 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында туылған. Марқұм әкемнің айтуы бойынша Ералиев ауылында тұрып, ашаршылық жылдары Ташкентке әкесінің інісімен және Қоныс деген қатарлас ауылдасымен жүк вагонына отырып кетеді екен. Аумалы-төкпелі заман, қуғын-сүргін кезеңі. Қоныс деген жолдасымен азық-түлік іздеп шықса керек. Содан, оларды ит қуып бір-бірінен көз жазып қалады. Іздегенмен таппаған ағайыны итке жем болды-ау деген оймен қала береді. Жоғалтып алған жері базар болатын, аман болса табылып қалар деген оймен сол жерге жиі барып жүріп, ақыры әкесінің інісі әкемді танып, тауып алады. Бұл уақытта әкемді бір ешкімі жоқ өзбек кемпір жолықтырып, бауырына алып, асырап техникумнан білім алғызып, қамқорлығына алған

екен. Аталас ағайыны ол өзбек кемпір бауырымды жай жібере қоймас деп, Тәжікстан асып кетіп, Шахрнавский ауданы, Ригар деген жерде тұрады.

Әкем Жапон соғысына да қатысқан

Кейіннен 1939 жылы әскерге шақыртылып, екі жыл өткенде соғыс басталып, сол жерден соғысқа аттанады. Соғыста бірнеше рет жарақаттанса да, Жеңіс күніне жеткенге дейін сол майданның нағыз отты ортасында жүреді. Әкемнің батырлығы оның тіпті, Ұлы Отан соғысынан кейін Жапон соғысына да қатысуымен дәлелденеді. Жапон соғысынан өлге 1946 жылы Тәжікстанға қайтады. Зилиха Әбдіжаппарова анама үйленіп, 1954 жылы Тұрсынмұрат, одан кейін 1957 жылы Елмұрат, 1961 жылы Бекболат, 1963 жылы мен Ерболат, 1965 жылы Зәмзағұл қарындасым, 1969 жылы Тасболат інім

дүниеге келеді. Көптеген жылдар бойы Жаңаарқа ауданы Түгіскенде ұстаздық етіп, зейнетке шыққаннан соң Жәйрем кентінде тұратын үлкен баласы Тұрсынмұраттың қолына келеді. Осы Жәйремде тұрып 87 жасында қайтыс болады. Негізі марқұм әкемнің айтуы бойынша өзі 9 ағайынды болған. Ағаларының барлығы да сол зұлматты жылдары, қантөгісті майданда қаза тауып, хабар-ошарсыз кеткен. Әкем марқұм өле-өлгенше сол бауырларынан бір хабар болар-ау деп ізденіп көріп еді. Еш нәтиже болмады. Кейде өзім әкемнің сол бір аяқсыз қалған іздеуін жалғастырым келеді. Әкемнің артында қазір 22 немере, 36 шөберелері өсіп келеді. Өрқайсысы өмірде өз орындарын тауып өсіп-өнген, – дейді.

Әкесі туралы естелігін жеткізген Ерболат Рүстемұлы «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Жылумен, сумен қамтамасыз ету цехының кезекші және жабдықтарды жөндеуші

слесарі. Тапжылмай бір орында 26 жыл еңбек еткен Ерболат ағаның ұлы Нұрболат та осы комбинатта өндірісті және байланысты автоматтандыру басқармасында жетекші инженер болып еңбек етеді. Қызы Ақбота Жезқазған қаласында тұрмыста. Ол атасының жолын қуып, ұстаздықты жанына серік еткен екен. Ерболат ағаның жары Шолпан Искакова үй шаруашылығында. Ақботадан бөлек Тұрсынмұрат ағасының қызы Аманкүл Турабекова да атасының жолын қуған ұлағатты ұстаздардың бірі. Жәйрем кентіндегі № 30 орта мектебінің білікті мамандарының қатарында. Тұрсынмұрат ағасының ұлы Нұржан Турабеков қорғасын байыту фабрикасында шебер болса, марқұм Елмұрат ағасының қызы Шолпан Турабекова комбинаттың теміржол цехында еңбек етеді. Тасболат бауыры мен Зәмзағұл қарындасы Астана қаласында тұрады. Бүгінгі күні Тұрсынмұрат ағасы мен Елмұрат ағасы жоқ. Анасының жалғыз сіңлісі Тұрсын Әбдіжаппарқызы Астана қаласында тұрады.

Әкесінің қарындасы Бәтжан Турабекова да осы Жәйремде тұрған екен. Ол кісінің жолдасы, яғни, Ерболат Рүстемұлының жездесі Спан Имашев та Ұлы Отан соғысының ардагері болған. Соғыстан оралған соң Жаңаарқа жерінде жол бойында еңбек етіп, зейнетке шыққаннан соң Жәйремге көшіп келіп, кейіннен 90 жасында қайтыс болды. Қазір жездесі мен апасының артында қалған балалары Орал Спанқызы, Балта Спанқызы, Бейсенбай Спанұлы, Баян Спанқызы осы өзіміздің Жәйрем кентінде тұрады.

Ерболат Рүстемұлы қазір әкесінен қалған ұрпақтардың үлкені, үлкен бір шаңырақты, нақтырақ айтсақ, Турабековтар әулетінің ұйытқысы. Еңбекте білікті маман, еңбекқор жан. Кешегі батыр әкесін бүгін сағынышпен еске алған батырдың ұрпағына біз зор денсаулық, бақыт тілейміз.

Гауһар НАУРЫЗБАЕВА,
«Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ
Бастауыш Кәсіподақ ұйымы
төрағасының орынбасары.

Дін

Қазақстан – мың жылдық тарихы бар, түрлі этнос пен конфессия өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқан ел. Тәуелсіздік алған күннен бастап еліміз ұлттық бірлік пен діни төзімділікке баса назар аударып келеді. Бүгінде Қазақстан әлемге көпконфессиялы және көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен келісімде өмір сүрудің үлгісін көрсетіп отыр.

Қазақстандағы конфессияаралық келісім

Діни алуандылық – еліміздің байлығы. Қазіргі таңда елімізде 18 конфессияға жататын 3800-ден астам діни бірлестік жұмыс істейді. Олардың қатарында ислам, православие, католик, протестанттық бағыттар және басқа да діндер бар. Бұл діни әртүрлілік Қазақстан қоғамының рухани өмірін байыта түседі.

Қазақстан халқының бірлігі мен келісімін нығайтуда мемлекет тарапынан нақты қадамдар жасалды. 1992 жылы алғаш рет Дүниежүзілік рухани келісім күні атап өтілді. 2003 жылдан бері елордамыз Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізіліп келеді. Бұл форум Қазақстанның бейбітшілік пен дінаралық диалогты нығайту жолындағы бастамашылдығын көрсетеді.

Мемлекет діни сенім бостандығын қамтамасыз етіп, барлық азаматтарға тең құқықтар беріп отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Діни

қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы – осы бағыттағы негізгі құқықтық негіз болып табылады.

Сондай-ақ, діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу мақсатында ақпараттық-ағартушылық жұмыстар да белсенді жүргізілуде. Білім беру ұйымдарында толеранттылық пен конфессияаралық түсіністікке баулитын бағдарламалар енгізіліп, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше назар аударылуда.

Қорытындылай келе, Қазақстан – түрлі дін өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан, конфессияаралық келісімді сақтай білген ел. Бұл – ұлтаралық және дінаралық төзімділікке негізделген бірегей тәжірибе. Қазақстанның бейбітшілікке, келісімге және ынтымаққа негізделген саясаты – еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Дулат ДАЙЫР,
облыстық пул мүшесі.

Дін мен дәстүр: тамырымыздың бастауы



Қазақ халқының болмысы – терең тарих пен бай руханияттың жемісі. Осы руханияттың алтын арқауы – дін мен дәстүр. Ұлттың мәдениеті мен тіршілігінде бұл екі ұғым егіз саналады. Олар ғасырлар бойы ұлттың дүниетанымын, өмір сүру салтын, мінез-құлқын қалыптастырып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды.

Ислам діні қазақ даласына VII-VIII ғасырларда ене бастағанымен, оның терең тамыр жайып, халықтың тұрмысымен біте қайнасуы бірнеше ғасырларға созылды. Бұл үдеріс барысында ислам діні қазақ халқының салт-дәстүрімен үйлесіп, қайшылыққа түспей, керісінше, бірін-бірі толықтыра түсті. Мысалы, үлкенді сыйлау, жетімге қамқор болу, қонақ күту, сүндетке отырғызу, құдайы тамақ беру сияқты дәстүрлер – исламмен үйлескен әрі оны дәріптейтін құндылықтар.

Дегенмен, кейбір дәстүрлер уақыт өте келе діннің шынайы талабына сай келмейтін сипатқа ие болуы мүмкін. Мұндай кезде салтты дінмен сүзгіден өткізу – қажет нәрсе. Себебі, дін – Алланың үкімі, ал дәстүр – халықтың тәжірибесінен туған. Екеуі үйлескенде ғана қоғамда тұрақтылық

пен рухани тұтастық орнайды. Қазақтың «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөзі осыны меңзейді. Озық дәстүр – дінмен қабысатын, адамгершілік пен имандылыққа жетелейтін салт. Ал тозығы – діни тұрғыдан шектен шығатын, зиянды әрекеттерге жетелейтін әдеттер.

Бүгінгі таңда дін мен дәстүр арасындағы тепе-теңдікті сақтау – өзекті мәселе. Қоғамда дінді дұрыс түсінбеу немесе дәстүрді асыра дәріптеу секілді екіұдай көзқарастар жиі кездеседі. Сол себепті ұлттың тұтастығын сақтау үшін дінді де, дәстүрді де дұрыс тану – әр азаматтың борышы.

Талғат СОВЕТОВ,
«Нұр» мешітінің бас имамы.

События Великой Отечественной войны все дальше и дальше уходят в прошлое. Но годы не стирают их в нашей памяти. Сама историческая ситуация побудила к жизни великие подвиги человеческого духа.

И сейчас она напоминает о том, что мирное сосуществование стран - важное условие для сохранения бесценных человеческих жизней. Кроме того, память о войне является мощным фактором объединения людей и формирования национального единства. Часть этой памяти – наш земляк Смагул Канапин.

Они сражались за Родину



Удивительна человеческая память. Через годы, через расстояния она крепко держит в себе пережитое: людей самых разных, с которыми сводила судьба, события значительные и не очень, а еще дороги...

Смагул Канапинович родился 18 апреля 1920 года в Шетском районе Карагандинской области. После окончания школы работал техсекретарем и заместителем директора по культурмассовой работе кожевенного завода города Караганды. Затем с сентября 1940 по апрель 1941 года был учителем средней школы № 41 станции Дарья Казахской железной дороги. В апреле 1941 года был призван на действительную службу в ряды Красной армии.

Воинскую присягу Канапин принял 22 июня 1941 года. Служил стрелком 46-го мотострелкового полка Западного фронта. Первый бой за город Великие Луки Псковской области был особенно памятным для него. Можно себе представить, как воспринимали происходящее молодые солдаты, которым никогда не приходилось стрелять, убивать человека. Но в этом сражении, когда разъяренные фашисты шли в полный рост, как на параде - под звуки духового оркестра и металлического лязг гусениц, у них не оставалось выбора. Каждый должен был защищать свое: родной город, село, мать, жену, сестру, детей. А все вместе они защищали родную, святую Отчизну...

В боях под Ржевом 20 августа 1941 года Смагул Канапинович получил первое ранение и находился на лечении в эвакогоспитале в городе Горьком. В сентябре продолжил воевать солдатом 81-го стрелкового полка 37-й воинской стрелковой бригады Приволжского военного округа, с февраля 1942 года был минометчиком 82-миллиметрового орудия 81-й стрелковой дивизии Калининского фронта.

Зима стояла снежная, суровая. Наши солдаты залегли в снегу неподалеку от деревеньки, где, как говорили местные жители, берет начало великая русская река - Волга. В морозном воздухе хлестко звучали выстрелы. Надо было, во что бы то ни стало, уничтожить снайпера. Первый выстрел - недолет, второй выстрел - перелет... Третий выстрел Смагул Канапинович не успел сделать - совсем рядом разорвался фашистский снаряд. Землю тряхнуло так, что она казалось, раскололась, не выдержав удара. В зловещей карусели закружился лес и снежное поле, боль пронзила всю правую сторону, свинцовая тяжесть вошла в голову, в глазах потемнело - он почувствовал, что теряет сознание.

После второго ранения, полученного в этом бою, наш земляк в строй вернулся только через пять месяцев. И снова дороги, дороги, дороги... Никто не считал те километры, которые пришлось пройти солдату, освобождая родную землю от врага. Казалось ветерану, что Украину и Белоруссию он знает лучше, чем родной Казахстан.

За войну Смагул Канапинович приобрел три военных специальности. Служил в мотопехоте, в минометной стрелковой дивизии, артиллерийском полку в качестве топографа-разведчика. В обязанности топографа-разведчика входило определение расстояния от огневой точки противника. Одним словом, требовалось рассчитать его местонахождение - эти данные использовались при артобстреле.

Однажды, это было на Курской Дуге, Канапин получил задание рассчитать координаты немецкого дзота. Эту цель во время переправы наших войск надо было уничтожить артиллерийским огнем. Он, как командир отделения, с несколькими солдатами ночью переправились через Днепр, сделали расчеты и также незаметно вернулись обратно. Позднее командир полка похвалил Канапина: «Молодец,



огневую точку противника уничтожили с трех снарядов». За эту операцию он был награжден орденом Славы.

Из воспоминания ветерана: «Была в том задании своя трудность: мне, учителю математики, не столь сложно было сделать расчет, намного сложнее человеку из степных Казахстанских просторов преодолеть одну из крупнейших рек Европы».

За боевые заслуги Смагул Канапин был награжден орденами Отечественной войны I степени, Славы III степени, а также 12 медалями.

9 мая 1945 года пришла долгожданная Победа. Войска 4-го Украинского фронта, в которых служил Смагул Канапинович, стояли тогда в Чехословакии. Все ждали этого дня, ждали долгих четыре года, а весть, все-таки, пришла неожиданно. Командир отделения зычно крикнул: «Стройся!». И когда солдаты замерли в неподвижном строю, вдруг улыбнулся, дрогнувшим голосом сказал: «Дорогие мои, война кончилась!».

Но не для всех. 10 и 11 мая пришлось снова идти в бой с частями немецкой армии, которая еще не капитулировала. Горько и больно было терять снова товарищей в те дни, которые все уже считали мирными. Победу встретил в Чехословакии. Демобилизовался Смагул Канапинович в ноябре 1945 года.

После войны работал инструктором горкома партии Октябрьского района города Караганды, секретарем партбюро шахты № 2 им. Горького, председателем горрайисполкома Шахтинского района Караганды.

Окончил полный курс трехгодичной партийной школы при ЦК КП Казахстана, заочную Высшую партийную школу при ЦК КПСС.

Был избран секретарем райкома партии Жана-Аркинского района. С 1959 года работал секретарем партбюро Атасуйского рудоправления поселка Каражал. С января 1963 года - заместителем председателя исполкома Каражалского городского Совета депутатов трудящихся.

За долголетний и добросовестный труд представлен к медалям «За трудовое отличие», «За освоение целины», отмечен Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

Галина ШАПКОВА,
руководитель отдела
государственного архива г. Каражал.

Общество

Держа руку на пульсе



Защита жилищных прав граждан в Казахстане: достижения и роль Уполномоченного по правам человека.

Жилище – одно из фундаментальных прав человека. Оно закреплено в международных договорах, таких как «Всеобщая декларация прав человека» и «Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах». Казахстан выполняет свои международные обязательства в этой сфере. Государство принимает меры для обеспечения граждан доступным и достойным жильем.

В Казахстане созданы эффективные механизмы для улучшения жилищных условий. Одним из ключевых шагов стало создание института развития и поддержки на базе АО «Отбасы банк». Он отвечает за централизованный учет и распределение жилья. Благодаря этому жилье стало более доступным для соци-

ально-уязвимых категорий граждан. Сегодня не менее 70% арендного и кредитного жилья предоставляется именно этим слоям населения.

Решение жилищных проблем требует постоянного совершенствования законодательства. Внесенные поправки позволили улучшить ситуацию с постановкой на учет воспитанников детских домов. Теперь их права на жилье защищены на законодательном уровне. Эти изменения обеспечивают равные возможности для всех граждан.

Уполномоченный по правам человека играет важную роль в защите жилищных прав. В 2024 году были рассмотрены сотни обращений граждан. Большая их часть решена положительно. Люди часто сталкиваются с отказами в постановке на

очередь, незаконным выселением и сложностями в сфере ЖКХ. Работа Уполномоченного позволяет находить решения и помогать гражданам защищать свои права.

Еще одним важным случаем стало предотвращение незаконного выселения женщины с детьми зимой. Слаженные действия Уполномоченного и государственных органов помогли восстановить их жилищные права. Этот случай показывает, что граждане могут рассчитывать на эффективную защиту.

Граждане доверяют Институту Уполномоченного. Он играет важную роль в диалоге между населением и государственными органами. Выезды в регионы, личные приемы и разъяснительная работа способствуют эффективному решению жилищных вопросов. Каждый обращающийся получает поддержку и помощь в защите своих прав.

Работа Уполномоченного будет продолжена. Основное внимание будет уделено справедливости и равенству в вопросах обеспечения жильем. Эти усилия укрепляют правовую систему и демонстрируют приверженность Казахстана международным обязательствам.

Принятые меры в сфере жилищных прав говорят о значительном прогрессе. Казахстан делает уверенные шаги к созданию справедливого и социально ориентированного общества, где каждый гражданин имеет возможность на достойное жилье.

Аманжол КАРИМОВ,
представитель
Уполномоченного по правам
человека в РК по области
Ұлытау.

Амангелді Жетімеқұлы ТІЛЕУБАЕВ

2025 жылғы 16 сәуірде Қаражал қаласының Құрметті азаматы, тыл ардагері, ҚСРО еңбек сіңірген мұғалімі Амангелді Жетімеқұлы Тілеубаев 88 жасында өмірден озды.



Амангелді Тілеубаев 1937 жылы наурыз айының 15 күні Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы «Өндіріс» колхозында қарапайым ауыл отбасында дүниеге келген. Амангелді ақсақал алғаш мектеп табалдырығын 1946 жылы аттады. Мектепті бітірген соң, Ақмоладағы педучилищеге оқуға түседі.

Амангелді Тілеубаев оқу оқып жүріп, 1957 жылы қараша айында ескі Қаражалдағы бастауыш мектепке бірінші класс мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Одан әрі Жаңаарқадағы Қызылтау совхозында № 1 ферма мектебінде мұғалім болып жұмыс атқарады.

1947 жылы Өркендеу совхозына көшіп, 1976 жылға дейін сол жерде мұғалім болып қызмет атқарады.

1964-1965 оқу жылында ҚарПИ-дың тарих факультетінде оқиды.

1976 жылы Қаражал қаласына көшеді. 1977-1978 оқу жылында төртінші түзету мекемесі мектебінде жұмыс атқарады. Қосалқы №1 қазақ орта мектебінде де жұмыс істеді.

1978 жылдың 26 қыркүйегінде қалалық білім бөлімінің бұйрығымен №6 Ақтай мектебіне директор болып тағайындалып, 1996 жылға дейін директорлық қызмет атқарады. Сол мектепті 9 жылдық негізгі мектептен 11 жылдық орта мектепке ауыстыруды мақсат етіп, аянбай еңбек етіп, Амангелді Тілеубаевтың арқасында аталмыш мектеп 11 жылдық орта мектебіне ауысады.

Амангелді ақсақал «Қтай» деп аталып кеткен ауылдың атауын «Ақтай» болып аталуына қол жеткізген. Амангелді ақсақал Ақтай ауылының тұрғындарының басын біріктіріп, елді ынтымақ-бірлікке шақыратын абыз тұлғалардың бірі еді. Ақсақал зейнеткерлікке шыққан соң Ақтай ауылының Ақсақалдар алқасының төрағасы болып, ел ішінде орын алатын көптеген мәселелерді шешуге мұрындық бола білді.

Амангелді Тілеубаевтың жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Ақсақалдың жарқын бейнесін қала халқы мәңгі жадында сақтайды.

А.ЕЛЕУСІЗОВ, З.ОСПАНОВА, М.ТАСКУМБАЕВ, Д.БУЛЕКБАЕВ, А.ЖАКАЕВ, Д.ҚҰЛЫМБЕТОВ, Д.ОСПАНБЕКОВА, А.НАУКЕНОВ, А.МАУЛЕНИНА, Қ.ЖАНСАҒЫМОВ, А.КАДИРСИЗОВ, Г.ИСИНА, Т.АШТАЕВ, Б.СӘТБЕРГЕНОВ, А.ТӘКІБАЕВ, Ж.ҚҰРМАНСЕЙІТОВ, М.ОМАР, М.ЖҰМАНБАЕВА.

Маман кеңесі

Балық аулауға тыйым салынады!

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 5) тармақшасына және «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығына сәйкес және «Балық шаруашылығы су айдындарында «Уылдырық шашу» балық қорғау акциясын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің 2025 жылғы 21 ақпандағы № 01-06/34 бұйрығының негізінде жануарлар мекендейтін ортаны қорғау, олардың көбею жағдайларын,

өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру арқылы жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыру мақсатында, Нұра-Сарысу бассейнінің су айдындары бойынша (Ұлытау облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі): Көксерке - 20 сәуірден 20 мамырға дейін, Сазан (тұқы) - 1 мамырдан 30 маусымға дейін балық аулауға тыйым салынады.

*** **

2025 жылдың 15 сәуір-31 мамыр аралығында Ұлытау облысының балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су айдындары» республикалық табиғатты қорғау, жыл сайынғы акциясы өткізілетінін хабарлайды.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, балық ресурстарын және олардың мекендеу орта-

сын сақтау, табиғи өсімін молайту үшін жағдай жасау, сондай-ақ, балық шаруашылығы су айдындарына тасталған (иесіз) балық аулау құралдарынан тазарту мақсатында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің 17.02.2025 жылғы № 01-06/29 «Балық шаруашылығы су айдындарында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясын өткізу туралы» бұйрығына сәйкес, Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы азаматтарды табиғатқа ұқыпты қарауды сұрайды және «Таза су айдындары» акциясына белсенді қатысуға шақырады.

Ұлытау облысы бойынша балық шаруашылығына маңызы бар 43 су айдындары бар.

Ұлытау облысы бойынша балық инспекциясы бөлімі.

«Қазыналы өңір» газетінің редакциясы» ЖШС ұжымы Қаражал қаласының Құрметті азаматы, тыл ардагері, білім беру саласының ардагері **Амангелді Жетімеқұлы ТІЛЕУБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Қаражал қаласының Ардагерлер кеңесі мен ақсақалдар кеңесі Қаражал қаласының Құрметті азаматы, тыл ардагері, білім беру саласының ардагері **Амангелді Жетімеқұлы Тілеубаевтың** қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

К сведению!

Уважаемые каражалцы!

С 21 по 28 апреля проводится весенняя неделя благоустройства христианского кладбища.

Просим всех, у кого здесь покоятся родные, близкие и друзья, придти на погост почтить их память и привести в порядок места захоронения. Памятники, вышедшие из строя венки и мусор необходимо складировать в специально отведенных местах. Территория захоронения должна быть убрана в радиусе 3-х метров.

Тамара ФЕДОСОВА,
председатель культурно-славянского центра «Лад».

К сведению!

Еще одна возможность стать военным служащим!

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан, на воинскую службу сроком на два года будут призваны офицеры запаса – военнообязанные, прошедшие военную кафедру в вузах, годные к воинской службе и не прошедшие ее.

Для прохождения воинской службы в мирное время ежегодно призываются офицеры запаса, в возрасте до 29 лет, и офицеры запаса медицинской службы, в

возрасте до 32 лет, согласно ст. 32 Закона РК «О воинской службе и статусе военнослужащих».

В соответствии со ст. 36 Конституции РК защита Республики

Казахстан является священным долгом и обязанностью каждого ее гражданина. Одной из задач, стоящих перед Вооруженными силами РК, является подготовка граждан к воинской службе и накопление военнообученного резерва на военное время.

Призыву подлежат представители разных специальностей, соответственно которым офицеры

обучались на военных кафедрах: медики, инженеры, офицеры воспитательных структур, связисты, артиллеристы и так далее.

Офицер запаса в ходе прохождения службы полностью будет обеспечиваться всеми нормами довольствия, как ныне действующий военнослужащий. Это – денежное, вещевое довольствие, медицинское обслуживание,

жилищно-коммунальные выплаты. Поднаем жилья также оплачивается. Спустя два года службы по призыву, офицер запаса может продолжить службу по контракту.

Офицер, прослужив два года, будет иметь ряд навыков, получит огромный опыт и может стать достойным защитником нашей Родины!

Для получения подробной информации обращаться по адресу: г. Каражал, ул. Тоимбекова, 8, тел.: 2-65-90.

Отдел по делам обороны города Каражал.

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа қалған аманат



Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Бұл адамзат тарихындағы ең қасіретті де қаһарлы кезеңдердің бірі. Миллиондаған адамның тағдырын күрт өзгерткен бұл соғыс – халқымыздың батырлығы мен бірлігінің, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің айқын айғағы. Осындай тарихи маңызы зор датаға орай, қалалық кітапханада «Ұлы Жеңіс жасасын!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Іс-шараның басты мақсаты – өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, тарихымызды терең танытып, ұлт батырларына деген құрмет сезімін қалыптастыру. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік пен жанқиярлықты үлгі ете отырып, жас буынның адамгершілік қасиеттерін дамыту көзделді.

Дөңгелек үстелге № 1 ЖББМ тарих пәнінің мұғалімі Мөлдір Ха-

митқызы және 9 сынып оқушылары қатысты. Жас ізденушілер мен ұстаздар соғыс жылдарының маңызын терең талдап, қазақстандық жауынгерлердің майдандағы ерлігін, тылдағы еңбектің де Жеңіске қосқан зор үлесін ерекше тебіреніспен жеткізді.

Іс-шара барысында Диляра Бақытжанова «Ұрпақ ұмытпайтын

еңбек ерлері» атты мазмұнды баяндамасымен ерекше әсер қалдырды. Ол өз сөзінде майдандағы және тылдағы еңбек ерлерінің табандылығы мен төзімділігін баяндап, қазіргі ұрпақтың сол ерлікті ешқашан ұмытпауы тиіс екенін айтты. Ал Кәмшат Қуаныш «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа қалған аманат» тақырыбындағы баяндамасында

соғыстың адамзат өміріне әкелген ауыр зардаптарын баяндап, бейбіт өмірдің қадірін білуге шақырды.

Сонымен қатар, дөңгелек үстел кезінде майдан даласында қаза тапқан боздақтар мен Жеңіс күнін көре алмай кеткен жауынгерлерді, өмірінің соңына дейін еліне адал еңбек етіп, бейбіт күн кешкен ардагерлерді бір минут үнсіздікпен еске

алды. Бұл – тек формалды құрмет емес, жүректен шыққан, өткенге тағзым етудің шынайы көрінісі еді.

Кездесу барысында жастар ардагерлердің ерен ерлігіне тәнті болып, рухы мықты халықтың ұрпағы екенін мақтанышпен сезінді. Ардагерлерге арналған бұл мерекелік шара олардың жанқиярлық еңбегін ұлықтауға, келешек ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

«Ұлы Жеңіс жасасын!» атты дөңгелек үстел – бұл тек естелік емес, бұл – ерлікке тағзым, тарихқа тағылым, ұрпаққа аманат. Осындай шаралар арқылы біз өз өткенімізді ұмытпай, болашаққа нық қадам басамыз.

Жансая САДУАҚАСОВА,
«Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ библиографы.

Қоғам

Дені сау ұлт – мықты мемлекеттің негізі



Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапхана төрінде «Дені сау ұлт – мықты мемлекеттің негізі» атты кездесу өтті. Аталмыш іс-шараның қонағы қалалық аурухананың учаскелік медбикесі Әйгерім Жылқыбаева болды.

Кездесуге Қаражал қаласының Тау-кен техникалық колледжінің студенттері қатысып, көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, қазіргі таңда жұпалы аурулардың түрлері мен қауіпі жайлы бейнежазбаны тамашалады.

Медицина жолында жүрген мамандық иелерінің жауапкершілігі мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Аурудың жасқа да, көрігі де қарамастан, ұрымтал жерден соға беретіні ақиқат. Сондықтан, ине мен

пышақты өмірлеріне серік еткен ақ халатты, алтын қолды дәрігерлер қауымына бесіктегі баладан төрдегі қартқа дейінгі адамдардың айтар алғысы шексіз екендігіне ешқандай шүбә жоқ.

Жансая САДУАҚАСОВА,
«Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ библиографы.

Бәрекелді!

Қалалық Балалар өнер мектебі – шығармашылыққа жаны құштар, өнерге ынтығасы бар жас өрендердің қанатын қомдап, шабытын шыңдайтын ұлағатты орда. Бұл – жай ғана білім беру орны емес, бұл – бала қиялын шындыққа айналдырып, жүрек үнін өнерге айналдыратын шеберхана.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел мақтанышы

Мөлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Уақыт көшінен қалмай, үздіксіз дамып келе жатқан бұл мектеп Қаражал қаласының мәдениет ошағына айналған. Өнерге бейім ұл-қыздардың бойындағы қабілетті деп басып танып, оны кәсіби деңгейде дамыту – осы мектептің басты мақсаты. Музыка, хореография, сурет, аспаптық өнер сынды бірнеше бағыттар бойынша білім беретін бұл оқу ордасы бүгінде өз шәкірттерімен мақтана алады.

Мектеп қабырғасында талай дарындардың тұсауы кесілді. Қаншама бала алғаш рет сахна дәмін осы ордада татып, өз шеберлігін сахнада дәлелдеп келеді. Олар тек қала, облыс көлемінде ғана емес, республикалық, тіпті, халықаралық додаларда да топ жарып, ел мерейін үстем етуде.

Жақында ғана Астана қаласында өткен Халықаралық «Ғарыш жұлдыздары-2025» байқауында, өнер мектебінің тәрбиеленушілері оза шауып,

зор жетістікке жетті.

Қарлығаш Қалмағамбетованың жетекшілігімен өнер көрсеткен «Асыл-ай» би тобы – хореография номинациясы бойынша II орын, Айбек Болатовтың жетекшілігіндегі Ұлыбек Балкенов пен Ұлан Мейржан – аспаптық номинация бойынша Бас жүлде, ал, Жәнібек Мейржан – I орын иегері атанып, мектебіміздің мәртебесін асқақтата түсті.

Бұл жеңіс – жүйелі жұмыстың, ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен еңбектің жемісі.

Мектептегі әрбір ұстаз – бала жанының бағаны. Олар өнердің майталманы ғана емес, шәкірт жүрегіне шырақ жаққан шебер тәрбиеші. Әр баланың бойындағы дарынды ұштап, оны үлкен сахнаға шығара білу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Осы орайда өнер мектебінің ұжымы зор алғыс пен құрметке лайық. Жұлделер құтты болсын!



Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k-onir@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код КБЕ 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 15

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.